

## Жер қойнауын пайдалануышыны, пайдалы қатты қазбалардың ресурстары және (немесе) қорларын бағалау туралы есепті дайындаған және тексерген құзыретті тұлғаларды тындау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің 2024 жылғы 22 мамырдағы № 182 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 24 мамырда № 34401 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 72-бабы 9-тармағының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалануышыны, пайдалы қатты қазбалардың ресурстары және (немесе) қорлары туралы есепті дайындаған және тексерген құзыретті тұлғаларды тындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Геология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Өнеркәсіп және құрылым министрі

K. Шарлапаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Өнеркәсіп және құрылым  
министрінің  
2024 жылғы 22 мамырдағы  
№ 182 Бұйрығына  
қосымша

Жер қойнауын пайдалануышыны, пайдалы қатты қазбалардың ресурстарын және (немесе) қорларын бағалау туралы есепті дайындаған және тексерген құзыретті тұлғаларды тындау қағидалары

## **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Шығарылған өндіру мен шығындарды ескере отырып, ресурстарының шамасы бұрын бекітілген өнеркәсіптік санаттар қорларына қатысты жиырма бес пайыздан астамға азайған қатты пайдалы қазбалардың, оның ішінде кең таралған пайдалы қазбалардың ресурстарын және (немесе) қорларын бағалау туралы есепті дайындаған және тексерген құзыретті тұлғаларды, жер қойнауын пайдаланушыларды тындаудың осы қағидалары "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 72-бабы 9-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және шығарылған өндіру мен шығындарды ескере отырып, геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар және минералдық қорлар туралы қазақстандық жария есептілік кодексіне (KAZRC кодексі) сәйкес құзыретті тұлға дайындаған, ресурстарының шамасы бұрын бекітілген өнеркәсіптік санаттар қорларына қатысты жиырма бес пайыздан астамға азайған қатты пайдалы қазбалардың ресурстарын және (немесе) қорларын бағалау туралы есепті дайындаған және тексерген жер қойнауын пайдаланушыларды, құзыретті тұлғаларды тындау тәртібін айқындайды.

## **2 тарау. Жер қойнауын пайдаланушыны, пайдалы қатты қазбалардың ресурстарын және (немесе) қорларын бағалау туралы есепті дайындаған және тексерген құзыретті тұлғаларды тындау тәртібі**

2. Қатты пайдалы қазбалар бойынша тындауды жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органның ведомствосындағы (бұдан әрі - Ведомство) Комиссия жүргізеді.

3. Ведомства Комиссия құрылады. Комиссия ресурстарының шамасы өнеркәсіптік санаттардың бұрын бекітілген қорларына қатысты жиырма бес пайыздан астамға азайтылған ресурстарды және (немесе) қорларды бағалау туралы есептерді тындауды жүзеге асыратын алқалы орган болып табылады.

Комиссия төрағадан, оның орынбасарынан және Комиссия мүшелерінен тұрады.

Ведомствоның қызметкерлері Комиссия мүшелері болып табылады.

Комиссия құрамы ведомство басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Тындауға Комиссия мүшесі болып табылмайтын мұдделі мемлекеттік органдар шақырылады.

4. Ведомствоға келіп түскен ресурстарды және (немесе) қорларды бағалау туралы есеп 30 күнтізбелік күн ішінде қаралады.

5. Шығарылған өндіру мен шығындарды ескере отырып, өнеркәсіп санаттарының бұрын бекітілген қорларына қатысты ресурстардың мөлшері жиырма бес пайыздан астамға азайғаны анықталған жағдайда, осы тараудың 5-тармағында көрсетілген мерзім ішінде, бірақ шешім қабылданғанға дейін 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей, есеп тәуелсіз сарапшы мен жер қойнауын пайдаланушыны шақыра отырып, тындауға шығарылады.

Жер қойнауын пайдаланушының, пайдалы қатты қазбалардың ресурстарын және (немесе) қорларын бағалау туралы есепті дайындаған және тексерген құзыретті тұлғалардың өтініші бойынша осы тараудың 5-тармағында көрсетілген мерзімдер үзартылады, бірақ күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімге.

6. Тындауды жер қойнауын пайдаланушы мен құзыретті тұлғаны тарта отырып, Комиссия және тәуелсіз сарапшылар жүргізеді.

Қазақстан Республикасында физикалық тұрғыда жоқ және қатысады қамтамасыз етуді қамтамасыз ете алмайтын шет мемлекеттің азаматы болып табылатын жер қойнауын пайдаланушыны, құзыретті тұлғаны тындау қашықтан жүргізіледі.

Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті тұлғалардың тындауларға қатысуын және мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерін білмейтін шет мемлекеттің азаматы қатысқан жағдайда мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне ілеспе аударма жасауды қамтамасыз етеді.

Ресурстарының шамасы өнеркәсіптік санаттардың бұрын бекітілген қорларына қатысты жиырма бес пайыздан астам азайтылған ресурстарды және (немесе) қорларды бағалау туралы есептерді тындау жөніндегі тәуелсіз сарапшылардың құрамы Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік Комиссияның тәуелсіз сарапшылары қатарынан тағайындалады.

7. Тындауды өткізу кезінде Комиссия пайдалы қазбалардың өнеркәсіптік санаттарының бұрын бекітілген қорларына қатысты ресурстар және/немесе (қорлар) көлемдерін азайтудың негізділігін айқындаиды.

8. Тындау қорытындысы бойынша Комиссия оң шешім не дәлелді қарсылықпен теріс шешім қабылдайды, ол қорытынды түрінде ресімделеді және пайдалы қазбаларды мемлекеттік есепке алу үшін немесе қабылдаудан бас тарту үшін ведомствоға З жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Тындау қорытындысы бойынша шешім қатысып отырған Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Шешім қабылдау кезінде дауыстар тең болған кезде тәрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия мүшелері, сондай-ақ қабылданған шешіммен келіспейтін тәуелсіз сарапшылар ерекше пікір білдіреді. Ерекше пікір оның негіздемесін қамтитын жеке құжатпен ресімделеді және қарau материалдарына қоса беріледі.

9. Комиссияның оң қорытындысы болған кезде ведомство пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік есебіне тиісті өзгерістер енгізеді.

10. Қорларды азайтуды не есептен шығаруды негіздеу үшін деректер жеткіліксіз болған кезде Комиссия дәлелді қарсылықпен теріс қорытынды қабылдайды және шығарылған өндіру мен шығындарды ескере отырып, ресурстарының шамасы бұрын бекітілген өнеркәсіптік санаттар қорларына қатысты жиырма бес пайыздан астамға азайған ресурстар және (немесе) қорларды бағалау туралы есеп қайтарылады.

Жер қойнауын пайдаланушы есепті пысықтап, 20 жұмыс күні ішінде қайта ұсынады немесе пайдалы қазбаларды мемлекеттік есепке алушан бас тартуына Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-тармағына сәйкес шағым жасайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК